

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ М.ӘУЕЗОВ
атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени
М.АУЭЗОВА**

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
M.AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN STATE UNIVERSITY**



**«ӘУЕЗОВ ОҚУЛАРЫ – 16: «ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК
РЕВОЛЮЦИЯ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ
САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ»» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ**

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

**МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АУЭЗОВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 16: «ЧЕТВЕРТАЯ ПРОМЫШЛЕННАЯ
РЕВОЛЮЦИЯ: НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ МОДЕРНИЗАЦИИ
КАЗАХСТАНА В ОБЛАСТИ НАУКИ, ОБРАЗОВАНИЯ И КУЛЬТУРЫ»»**

PROCEEDINGS

**OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE
“AUEZOV READINGS – 16: FORTH INDUSTRIAL REVOLUTION: NEW
OPPORTUNITIES OF KAZAKHSTAN MODERNIZATION IN THE SPHERE
OF SCIENCE, EDUCATION AND CULTURE”**

ТОМ 4

УДК 82.09
ББК 83.3
Ә82

«ӘУЕЗОВ ОҚУЛАРЫ – 16: «ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ»» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ЕҢБЕКТЕРІ– Шымкент: М. Әуезов ат. ОҚМУ, 2018 ж.

4 Т. 352 б. Тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ «**АУЭЗОВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 16: «ЧЕТВЕРТАЯ ПРОМЫШЛЕННАЯ РЕВОЛЮЦИЯ: НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ МОДЕРНИЗАЦИИ КАЗАХСТАНА В ОБЛАСТИ НАУКИ, ОБРАЗОВАНИЯ И КУЛЬТУРЫ»»** - Шымкент: ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2018 г.

4 Т. 352 с. Языки: казахский, русский, английский.

INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE “**AUEZOV READINGS – 15: SCIENTIFIC INNOVATION AND SOCIAL-ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN: NEW CONCEPTIONS AND MODERN DECISIONS**” DEDICATED TO 120TH ANNIVERSARY OF MUKHTAR OMARKHANOVICH AUEZOV – Shymkent: M.Auezov SKSU, 2018

4 V. 352 p. Languages: kazakh, russian, english.

ISBN 978-9965-03-607-1

Бас редактор: - Сатаев М.И. - М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры м.а., т.ғ.д., профессор, ПҰҒА корреспондент мүшесі.

Редакциялық алқа мүшелері: Айменов Ж.Т. – төрағаның орынбасары стратегиялық даму жөніндегі проректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ПЖҒА академигі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Дырка Стефан – э.ғ.д., профессор, экономика ғылымдарының докторы, Верхнесилез экономикалық университеті, Польша; Меор Мохаммед Фаред – ассоциациялық профессор, Путра университеті, Малайзия; Ивахненко А.П.- PhD докторы, директор, Мұнай зерттеу орталығы, Heriot-Watt университеті, Шотландия;

Радюк С.Н. - PhD докторы, ассоциациялық профессор, Оңтүстік әдістемелік университеті, АҚШ; Леска Богуслава Мария - х.ғ.д., Познань қ. А. Мицкевич атындағы университет, Польша; Новак Изабела Юстина - х.ғ.д., Познань қ. А. Мицкевич атындағы университет, Польша; Панкевич Радослав Масиеж - х.ғ.д., Познань қ. А. Мицкевич атындағы университет, Польша; Киртай Эрхан Хусну - PhD, профессор, Эге университеті, Түркия; Харченко В.В.- т.ғ.д., профессор, Ресей ауылшаруашылығын электрлендіру институты; Крючкова О.Ю. - ф.ғ.д., профессор, Н.Г.Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университеті, Ресей; Костиков А.О. - т.ғ.д., доцент, В. Н. Каразин атындағы Харьков ұлттық университеті, Украина; Аврамов К.В. - т.ғ.д., профессор, «Харьков политехникалық институты» Ұлттық техникалық университеті, Украина; Ветохин С.С. – ф.-м.ғ.к., доцент, Беларусь мемлекеттік технологиялық университеті, Беларусь; Бишімбаев У.Қ. - т.ғ.д., профессор, ҚР ПҰҒА академигі, Қазақстан; Баймұханов Т.С.- агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері жөніндегі әкімнің орынбасары, Шымкент қ., Құлымбетова А.Е. – ф.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ; Қалыбекова А.А. - п.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ; Джүнісбаев С.М. - тар.ғ.к., доцент, «Тарих және этнология» ғылыми орталығының жетекшісі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Сатаев М.С. - т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ,

Қазақстан; Сәрсенби Ә.М. - физ.-мат. ғ.д., профессор, Қазақстан; Есіркепова А.М. - э.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Таймасов Б.Т. - т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ; ОҚМУ; Волненко А.А. - т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ; Бестереков Ү.Б. – т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, 2018 Южно-Казакстанский государственный университет им.М.Ауэзова, 2018

ӘОЖ633.527.2
UDC633.527.2

КҮРІШ ӨСІРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТЕХНОЛОГИЯСЫ

MODERN TECHNOLOGY OF RICE CULTIVATION

Сұлтанғали П.Н., Бірлік Т.Ә., Аманова Р.П. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан Aktobe Regional State university named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan
www.arsu.kz

Резюме

Бұл мақалада күріш өсірудің қазіргі заман технологиясымен қоса ерте кезеңдерде қалай өсіргені баяндалады. Қазіргі технологиялар арқасында күріштің небір жаңа сорттары ойлап табылуы жайында. Күрішті көшетпен егіп отырғызу, күріш тұқымын бөктіріп өсіру қай жерлерде қолданылатыны және қалай қолданылатыны баяндалады. Нақтырақ айтатын болсақ, күріш егістіктерінде осы заманғы ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану мүмкіндігінің өзіне сұландыратын инженерлік жүйе негіз болды. Бірақ жаңа жағдайда күрішті егіп-өсіру әдісі де елеулі өзгерістерге ұшырауы тиіс. Ал ол әдістерді қайта жасап жақсарту ісі күні бүгінге дейін аяқталмай келеді.

Күрішті көшетпен егіп өсіру. Бұл технология Оңтүстік Шығыс Азия және Қыыр Шығыс елдерінде мыңдаған жылдар бұрынғы кезеңнен бастап қолданылып келеді. Мысалы, күрішті көшетпен өсіру Қытайда соңғы Хань дәуірінде пайда болған. Күріш тұқымын суға бөрттіріп себу. Қазір бұл тәсіл көптеген елдерде қолданылады. Қазақстанда, соның ішінде Сыр өңірінде 1940-1955 жылдары Ы.Жақаев және оның шәкірттері күріш тұқымын негізінен осы әдіспен сепкен.

Жиымасынышы газырда өндіріске ғылым мен техника жетістіктерін енгізу нәтижесінде жаңа күріш егіншілігі интенсивті, өнеркәсіптік технология пайда болды. Бұл әр түрлі формада ТМД елдерінде, АҚШ-та, Аустралияда және Еуропаның кейбір елдерінде таралған.

Бір принципті айырмашылығы тұқым құрғақ топыраққа 0,8-1,5 см тереңдікте сіңіріледі немесе топырақ бетіне шашылып, сосын атыз суға бастырылады. Арал өңірінде күріш 1895-1896 жылдардан бастап өсірілді, ал 1940-1965 жылдары тауарлы күріш егіншілігі қалыптаса бастады. Ол кездегі күріш егіншілігінің технологиялық базасы атыздары кішкене, инженерлік дайындалмаған, жабайы күріш жүйесі болатын. Топырақты өңдеу, себу, күтіп баптау, орын жинау жұмыстары толық механикаландырылып, күріш егіншілігі интенсивтендірілді.

Abstract

This article describes how to cultivate rice in early times, including modern technology. With the help of modern technologies, it is about creating new varieties of rice. It describes how to use rice seedlings, rice seeds, and how to use it. More precisely, the basis of the rice fields was the engineering system that succeeded in using the modern agricultural machinery. But in the new case, the method of rice cultivation should also undergo significant changes. But the process of restoring and improving these methods is still under way

Rice seedlings cultivation. This technology has been used since ancient times in the countries of Southeast Asia and the Far East. For example, rice cultivation in China during the last Han Han era. Sowing rice seeds with water. This approach is now widely used in many countries. In Kazakhstan, including in the Syrland, in 1940-1955, Y. Dzhakayev and his disciples sowed the rice mainly by this method.

In the twentieth century as a result of the introduction of science and technology in production, new rice cultivation developed intensely, industrial technology. It is distributed in different formats in the CIS countries, the USA, Australia and some European countries.

In contrast to one principle, the seeds are absorbed into dry soils at a depth of 0.8-1.5 cm or sprinkled on the surface of the soil and then thawed into the horse. Rice in the Aral region was grown in 1895-1896, and from 1940 to

1965, commercial rice farming began to form. Soil processing, sowing, maintenance, harvesting, mechanization and rice cultivation have been intensified.

Кілт сөздер: инженерлік технология, көшетпен отырғызу, суға бөктіріп отырғызу, химизация, технологиялық операция, сорттық технология, т.б.

Keywords: engineering technology, plantation, water drainage, chemicalization, technological operations, variety technology, etc.

Алдын ала су қапталатын егістікке тұқым себу үшін алғаш рет 1929 жылы самолеттерді қолданған Калифорния күріш өсірушілерінің тәжірибесін сипаттай келіп, дүние жүзі ауыл шаруашылығының жетік білгірі Н.И.Вавилов былай деп жазды: «механикаландырылған егіншілік жағдайында күріш мүлде жаңа дақыл болып келеді».

Күріш егіп өсірудің дәстүрлі технологиясы мен қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы техникасын қатар пайдалануға келмейтіндігі бірден-ақ көрінді. Ғалымдардың және күріш өсіруші практиктердің бірлескен еңбегі арқасында Кубанда мүлде жаңа күріш дақылы шығарылды. Оны егіп өсіру үшін тракторлар, комбайндар және самолеттер қолданылады.

Күріш егістіктерінде осы заманғы ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану мүмкіндігінің өзіне суландыратын инженерлік жүйе негіз болды. Бірақ жаңа жағдайда күрішті егіп-өсіру әдісі де елеулі өзгерістерге ұшырауы тиіс. Ал ол әдістерді қайта жасап жақсарту ісі күні бүгінге дейін аяқталмай келеді. [1, 125-128бб]

Күрішті көшеттеп егіп өсіру. Бұл технология Оңтүстік Шығыс Азия және Қиыр Шығыс елдерінде мыңдаған жылдар бұрынғы кезеңнен бастап қолданылып келеді. Мысалы, күрішті көшеттеп өсіру Қытайда соңғы Хань дәуірінде пайда болған. Қазіргі кезеңде көшеттеп өсіру егіншілігі жетілдірілген және де әр елде әр түрлі көлемде қолданылуда. Мысалы, Индонезияда күріш 90%, Үндістанда 75-80%, ал Қытай мен Жапонияда барлық күріш көшеттеп егіп өсіріледі. Қазақстанда, соның ішінде Қызылорда облысында күрішті көшеттеп егіп өсіру 1998-2000 жылдары Арал өңірі агроэкологиясы және ауыл шаруашылығы ҒЗ институтының тәжірибе шаруашылығында зерттелінді және 2001-2003 жылдары өндіріске енгізіле бастады. Зерттеу нәтижесіне қарағанда, осы тәсілмен өсірілген жағдайда күріш өте мол өнім береді. ТМД елдері территориясында күрішті көшеттеп егу технологиясы Өзбекстанда, Әзірбайжанда зерттеліп өндіріске енгізілуде. Мұндағы негізгі мақсат жоғары әрі жылына екі рет өнім алуды іске асыру.

Күріш тұқымын суға бөрттіріп себу. Қазір бұл тәсіл көптеген елдерде қолданылады. Қазақстанда, соның ішінде Сыр өңірінде 1940-1955 жылдары Ы.Жақаев және оның шәкірттері күріш тұқымын негізінен осы әдіспен сепкен. [2, 76бет]

Жиырмамыншы ғасырда өндіріске ғылым мен техника жетістіктерін енгізу нәтижесінде жаңа күріш егіншілігі интенсивті, өнеркәсіптік технология пайда болды. Бұл әр түрлі формада ТМД елдерінде, АҚШ-та, Аустралияда және Еуропаның кейбір елдерінде таралған. Осы технологияның негізгі элементтері төмендегідей:

А) инженерлік типтегі күріш жүйесін салу. Яғни, бұл дегеніміз инженерлік типтегі суару және қашыртқылу жүйесі, инженерлі дайындалған суармалы жерлердің игерілуі;

Б) ғылыми негізде зерттеліп тұжырымдалған ауыспалы егісті игеріп, топырақты өңдеу жұмыстарын сапалы әрі уақтылы жүргізу;

В) негізгі технологиялық операцияларды (топырақты өңдеу, себу, егісті орып жинау, өнімді тасымалдау және тазалау т.б.) толық механикаландыру;

Г) күріш егіншілігін химизациялау (минералды тыңайтқыштар мөлшерін, енгізу мерзімін және тәсілдерін оңтайландыру, гербицидтер, инсектицидтер, фунгицидтер, өсу реттегіші заттарын қолдану);

Д) жасалынған қолайлы жағдайларға қайтарымы мол, жоғары өнімді, жаңа типтегі сорттар шығару;

Е) күріш өсірудің сорттық технологиясын тұжырымдап, өндіріске енгізу. [3, 226 бет]

Тағы бір принципті айырмашылығы тұқым құрғақ топыраққа 0,8-1,5 см тереңдікте сіңіріледі немесе топырақ бетіне шашылып, сосын атыз суға бастырылады. Арал өңірінде күріш 1895-1896 жылдардан бастап өсірілді, ал 1940-1965 жылдары тауарлы күріш егіншілігі қалыптаса бастады. Ол кездегі күріш егіншілігінің технологиялық базасы атыздары кішкене, инженерлік дайындалмаған, жабайы күріш жүйесі болатын. Сыр өңірінде күріш егіншілігінің интенсивті, өндірістік технологиясы 1966-1990 жылдары қалыптасты. Бұл кезеңде краснодарлық типтегі инженерлік күріш жүйесі салынып, ауыспалы егіс игерілді. Егіске көп мөлшерде тыңайтқыш беріліп, арамшөптермен, ауру және зиянкестермен күресу үшін гербицидтер мен улы химикаттар жеткілікті мөлшерде қолданылады. Топырақты өңдеу, себу, күтіп баптау, орын жинау жұмыстары толық механикаландырылып, күріш егіншілігі интенсивтендірілді.

Әдебиеттер

1. В.Б.Зайцев Күріш жайлы сұхбат. «Қайнар» Алматы – 1982. 125-143бб.
2. Қазақстан агроөнеркәсібі, 1990, №4, 7 бет.
3. «СЫР ЕЛІ» Қызылорда облысы: Энциклопедия/Бас редактор:Б:Ғ:Аяғин. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы»ЖШС,2005. – 226бет.

References

1. V.B.Zaycev Rice dixit in colloquium. "Radix" - 1982. 125-143bb.
2. De re rustica Kazakhstan, 1990, №4, 7 bet
3. "Sir eli" Kyzylorda regione: Dictionary / In Editor dux, B, F, Ayağın. - Almaty: Kazakh "Dictionary" MMV. - 226bet.

Подписано в печать 05.04.2018 г. Объем 22 п.л. Тираж 110
Бумага писчая. Печать офсетная. Заказ № 3440
НИУ ЮКГУ им. М.Ауэзова
г.Шымкент, пр. Тауке хана 5, тел. 21-06-48

